

aceline

**aceline**

*Пайдаланушы нұсқаулығы*

aceline

**Инфрақызыл  
жылытқыш  
Aceline QH-1200B**

# Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар қамтылған. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз, оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Аспаптың міндеті

Инфрақызыл жылытқыш үй-жайларды іштен жылытуға арналған.

## Сақтық шаралары


1. Аспапты қуат көзіне қосар алдында Сіздің үй электр желіңіздің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Қуат кабелін аспаптың ыстық бөлігінен мүмкіндігінше алыс ұстаңыз.
3. Аспапты ванна бөлмесінде, душта немесе бассейннің қасында пайдаланбаңыз.
4. Аспапты ваннаға немесе су құйылған ыдысқа құлауы мүмкін орындарға қоймаңыз.
5. Аспап қосылған және жұмыс істеп тұрған кезде оның бетіне және басқару блогының бетіне су қол және кез келген дене мүшелерінің тигізбеңіз.
6. Қызып кетуін болдырмау үшін аспапты жаппаңыз.
7. Жұмыс істеп тұрған аспаптың үстінде киімді кептірмеңіз.
8. Күйіп қалмау үшін аспап жұмыс істеп тұрған кезде торға қол тигізбеңіз.
9. Аспапты тек үй жағдайларында пайдалануға рұқсат етіледі.
10. Аспапты түгі ұзын кілемге қоймаңыз.
11. Аспапты пайдаланған кезде оны тегіс бетке қойыңыз.
12. Тұтануды болдырмау үшін аспапты перделер мен шымылдықтар жанына қоймаңыз.
13. Жұмыс істеп тұрған аспапты розетканың астына қоймаңыз.
14. Жұмыс істеп тұрған аспапты тез тұтанатын сұйықтықтардың жанына қоймаңыз.
15. Аспаптың орнын ауыстырған кезде айырын розеткадан шығарып жүріңіз.
16. Көрінетін зақымданулар байқалған кезде аспапты пайдаланбаңыз.
17. Аспап балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларға бақылау жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
18. Жұмыс істеп тұрған аспапты және Сіз ұйықтап жатқан кезде қараусыз қалдырмаңыз.
19. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін жылытқышпен қатар қуатты электр аспаптарын қоспаңыз.
20. Жылытқышты қосқан кезде ұзартқышты пайдаланбаңыз, өйткені бұл тұтану қаупін төндіреді. Құрылғыны пайдалану аяқталғаннан кейін режимдер ауыстырып-қосқышын «0» күйіне, ал термостатты минималды мәнге орнатыңыз, содан кейін оны желіден ажыратыңыз.

21. Аспап ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, ол таза құрғақ орында орналастырылуы тиіс.
22. Аспап жұмысында кез келген іркілістер анықталған кезде оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Моделі: QH-1200B.
- Қоректендіру параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1200 Вт.
- Қызып кетуден қорғау.
- Реттелетін термостат.
- 3 жұмыс режимі.

## Құрылғы сұлбасы



1. Реттелетін термостат.
2. Қыздырғыш элемент.
3. Негізі.

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны тегіс тұрақты бетте орналастырыңыз.
2. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
3. Ауыстырып-қосқышты қажетті режимге орнатыңыз: 400 Вт, 800 Вт, 1200 Вт.
4. Төңкерілген жағдайда құрылғы автоматты түрде сөндіріледі.
5. Құрылғыны пайдалану аяқталғаннан кейін, ауыстырып-қосқышты «0» күйіне бұрап, оны сөндіріңіз, ал содан кейін желіден ажыратыңыз.

**Назар аударыңыз:** құрылғының орнын ауыстырар алдында оны сөндіру және желіден ажырату қажет. Орнын ауыстыру үшін корпустың артқы бөлігінде орналасқан тұтқаны пайдаланыңыз.

## Қызмет көрсету және күтім жасау

- Тазалар алдында құрылғыны электр желісінен үнемі ажыратып жүріңіз және сууға уақыт беріңіз.
- Құрылғыны бейтарап жуғыш құрал қосылған ылғалды жұмсақ матамен тазалаңыз.
- Құрылғыны суда жууға тыйым салынады.
- Қажак тазалау құралдарды, еріткіштерді, бензинді және т. б. пайдаланбаңыз.
- Пайдаланар немесе сақтар алдында құрылғыны мұқият құрғатыңыз.
- Егер аспап ұзақ уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмайтын болса, оны түпнұсқа қаптамаға салыңыз немесе шаңның түсуін болдырмау үшін құрылғының бетін жабыңыз және құрғақ жерде сақтаңыз.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғының сақталуы және тасымалдануы құрғақ жерлерде жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Бұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.



## Кепілдікті міндеттемелер

Өндіруші осы бұйымға 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдарында, жиынтығында ақаулықтар болмағанына кепілдік береді және бүкіл кепілдік берілген мерзімнің ішінде ақаусыз жұмысына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған шартпен, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз жабдықтың істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған бұйымның қызмет ету мерзімі, пайдалану ережелері сақталған жағдайда, 24 ай құрайды.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Окэн Электрик Ко., Лтд.  
Фухай, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.

**Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кедендік одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратыуы мүмкін.

Құрылғының жинақталуы алдын ала хабарламасыз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

